



**Автор:** Сулейманова Улдай Азаматовна  
**Пән:** Әдебиеттік оқу  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау  
**Тақырып:** Тіршілік көзі еңбекте

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.5.1 Өз ойын, сезімін ,көзқарасын өмірде болған өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру. 4.3.2.1 Таныс мәтінге жаңа киіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу
Сабақтың мақсаты:	<b>Барлық оқушылар:</b> Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айта алады. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізе алады. Тақырыпқа сәйкес сурет салып, иллюстрация негізінде әңгімелейді. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Мәтінді оқып, оқиға желісін анықтап, қорытынды шығара алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Өзгенің өмірінен тәрбиелік жағдаятын ашып көрсете алады.
Тілдік мақсаттар:	<b>Тілдік дағдылар. Терминология.Сөз тіркестері:</b>
Күтілетін нәтиже:	Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айтады. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізеді. Оқиға жүйесіне жаңа жоспар құрастырады.
Бағалау критерийлері:	Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айтады. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізеді. Оқиға жүйесіне жаңа жоспар құрастырады.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Еңбек туралы суреттер, тапсырмалар жазылған карточкалар.
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	Қызыл кітаптың не үшін қажет екенін біле алады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу Оқушыларды түгендеу Психологиялық ахуал туғызу Тренинг Оқушыларға ішінде адам бойындағы қасиеттері жазылған шар беріледі Оқушылар оны жарып, шыққан сөзбен бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Сол арқылы тақырып ашылады. <b>Кітаппен жұмыс. (Жеке жұмыс)</b> "Есік қаққан Еңбек" мәтінін абзацтарға бөліп оқы, бір-біріне түсіндіреді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p><b>Ұжымдық жұмыс:</b>  <b>Суретті жұмбақ.</b>  Еңбектің наны тәтті,  Жалқаудың жаны тәтті.  Еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей.  Ерінбей еңбек етсең, ерінің асқа тиеді.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>  сынып ішінде жасырынған алмаларды еңбектеніп жинап, жұмбақты шешу арқылы себетке жинау</p>	
Сабақтың соңы	Пікірталас: Менің еңбек етуім қажет және қажет емес	
Рефлексия	<p>"Блоб ағашы"</p> <p>Үйге тапсырма: еңбек туралы сурет салу.</p>	